



**БҰЙРЫҚ**

2016 жыл 14 шілде № 214

Успен селосы

**ПРИКАЗ**

№

село Успенка

**2016-2017 оқу жылында  
балалар мен жасөспірімдерді  
оқумен қамту жөнінде  
ұйымдастырылған іс-шаралар  
туралы**

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын (8-бап, 2-тармақ), Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 28 тамыздағы № 812 қаулысының «6 жастан 17 жасқа дейінгі балалар мен жасөспірімдердің мектепке толық қатысуын қамтамасыз ету» бөлігін жүзеге асыру және Павлодар облысы білім беру басқармасының 2016 жылғы 13 шілдедегі № 268 бұйрығын орындау мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мектеп директорларына:

- 1) 2016 жылғы тамыздың 15-нен қыркүйектің 15-не дейінгі кезең аралығында жаппай оқыту бойынша айлық өткізілсін, оның барысында:
  - мектеп жасындағы барлық балалар оқумен толық қамтылсын;
  - 0 жастан 18 жасқа дейінгі балалар мен жасөспірімдерді есепке алу мақсатында аула бойынша тексерістер жүргізілсін (орта білім алғанға дейін);
  - тіркеусіз елдімекен пунктерінде, мектептің шағын аудандарында тұратын оқумен қамтылмаған балалар мен жасөспірімдерді анықтап, себебін анықтап, оларды оқумен қамту бойынша шаралар қабылдансын;
  - тіркеусіз тұратын балаларды мектепке қабылдау ата-анасының өтініші бойынша жүзеге асырылсын;
  - қауіпсіз тасымалдау жағдайын қамтамасыз ететін мектептерден 3 шақырымнан аса қашықтықта тұратын балаларды үздіксіз тасымалдау ұйымдастырылсын;
  - барлық жалпы орта білім беру мектептерінде 100% ыстық тамақпен қамтамасыз ету ұйымдастырылсын; жетім балалар және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, көп балалы және аз қамтылған отбасы балалары, тубвиражды балалар, бастауыш сынып оқушылары тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етілсін;

- жетім балалар және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, көп балалы және аз қамтылған отбасы балаларына жаппай оқыту қорынан, бюджеттен тыс қаражаттар есебінен материалдық көмек көрсетілсін, оның ішінде міндетті мектеп формасымен қамтамасыз етілсін;

- аудан мектептерінде білім алатын мүгедек балаларды және оқытуға жатпайтын балаларды есепке алу жүзеге асырылсын;

- мүгедек балалардың үйде оқытылуын нормативтік құжаттарға сай қамтамасыз етілсін;

- әр оқу орнында оқушылардың сабаққа қатысуына күнделікті мониторинг жүзеге асырылсын;

- 2016 жылғы қыркүйектің 10-на дейін 9-сыныптан кейін оқуға түскен 1-курс оқушылардың одан әрі оқуын растайтын тиісті анықтама (шығыс номері мен күні, оқуға түскені туралы номері және күні бар бұйрық).

2) АІБ-мен бірлесе:

- дәлелсіз себептермен мектепке бармай жүрген мектеп жасындағы оқушыларды анықтау үшін рейдтік іс-шаралары жүзеге асырылсын;

- қашып жүрген оқушыларға іздестіру ұйымдастырылсын (ондай оқушылар бар болса);

- білім бөліміне әр айдың 7-не дейінгі жағдай бойынша 10 күннен артық сабақ босатқан оқушылар туралы мәлімет ұсынылсын.

3) Айлық қорытындылары мектеп кеңестерінде талқылансын.

4) Жоғарыда аталған шаралардың орындалуы туралы аналитикалық ақпарат білім бөліміне 2016 жылғы 16 қыркүйекке дейін ұсынылсын.

2. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау білім бөлімінің сектер меңгерушісі Л.А. Дисюповаға жүктелсін.

**Бөлім басшысы**



**Р. Аканова**

Таныстырылды \_\_\_\_\_